

КЕЛЕШЕККЕ - КЕМЕЛ БІЛІММЕН!



БІЛІК



www.psu.kz

ГАЗЕТ 2001 ЖЫЛДЫҢ 2 СӘУІРНЕН БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің газеті

28 ақпан
ҚОЯН ЖЫЛЫ, 2011
№ 2 (124)

РЕДАКТОР БАҒАНАСЫ

Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің келешегі кемел болашағы жарқын болатыны ақиқат. Тәуелсіздік жылдарынан бері еліміздің қарқынды дамуына өз үлесін қосып келе жатқан БАҚ өкілдері. Ұлтымыздың ұлықтығын, тарихымыздың сындарлы сырынан сыр шертетін, келер күнге кемел көз қараспен қарайтын және қоғамның ақиқатын айшықтайтын қаламы қарымды, сөзге шешен журналистер. Міне, университетіміздің қабырғасында шығып келе жатқан «Білік» газеті 10 жасқа толып отыр. Қара шаңырағымыздың басшысы Ерлан Мұхтарұлының келуімен ғұмыры тікелей байланысты газетіміздің бүгінгі күнге дейін жарыққа шығарған әр мақаласында өзіндік сыры мен сипаты бар. Заманның аумалы төкпелі кезеңінің кез – келгеніне төтеп бере отырып, осы күнге дейін өмірдің әртүрлі сынына қарамай, қаншама қиындықтарды басынан кешірсе де өзінің шығарылымын тоқтатпастан оқырмандарына үздіксіз жол тартып келеді.

Он жылда артқа қалдырған он белесінің әрбірінде өзіндік ерекшелігімен, қоғам үшін маңызы зор, құндылығы басым дүниелер беріп келді. Ақпарат айдынында жүзген кез – келген басылымдармен иық тіресе қоғамның түйткілді мәселелерін сөз етіп, қалам тербеуде біздің қыл қалам иелері де кенде қалған жоқ. «Білік» газетінде қызмет еткен әрбір қаламы қарымды журналист газетімізге тың идея, жаңа серпін мен бағдар да беріп, әр кезең сайын газет өзінің жаңа бетін ашып отырды. Алдағы уақытта да газетіміз өз оқырмандарын жаңаша бағыты мен өзгеше қырларынан таңдандыра бермек.


Осы орайда Ахмет Байтұрсынұлының «Газет халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген қанатты сөзіне тоқтала отырып, газетіміз асқан әр белесі мен жолында әрдайым дәл осы мүддеден шығып, оқырмандарының арман тілегіне қызмет еткей деп тілейміз!

Құрметті әріптестер, аяулы аналар!

Сіздерді көктемнің алғашқы мерекесі, 8-наурыз халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Аялы алақанның жылуы да, жан-жүректің сұлуы да, әлемнің гүлдеп тұруы да сіздерден. «Алып - анадан туады», - дегенді ескерсек, біздің болашақ сіздердің қолдарыңызда. Жұмақтың кілті – ананың табанының астында. Мейірімді жүректеріңіз мәңгілік соғып, шұғыла шуақ жүздеріңіз жадырап, ақ көңілдеріңізге қылау түспесін. Еңбектеріңіз жемісті, әр күндеріңіз жеңісті болып, әдемілікті әспеттеп, көктем күнімен көркейе беріңіздер!

С. Торайғыров атында
ПМУ-нің ректоры Ерлан АРЫН



Бас жүлде - біздікі!



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен Республикамыз бойынша тележурналистерді даярлайтын жоғарғы оқу орындарындағы жас журналистердің арасында дәстүрлі «Барманқұлов оқулары» өтті. Аталмыш додаға еліміздің түкпір - түкпірінен 12 бейнесюжет ұсынылған. Оның ішінен топ жарып алға шыққан біздің С.Торайғыров атындағы Университетіміздің телевидениялық оқыту орталығының ұжымы даярлаған шағын бейне сюжет әділқазыларды таң қалдырды. Бейне баяндағы негізгі тақырып «Мен қазақ қыздарына қайран қалам». Осыған негізделген екі кезеңдегі қарама-қайшылықты ұтымды жеткізе білген. Керекуліктердің құндылық қасиетіне қаншалықты мән беретіндерін байқап, әділқазылар алқасы ПМУ телеорталығында дайындалған бейнесюжет ең үздік деп танылып, бас жүлдені қанжығалады. Осылайша С. Торайғыров атындағы ПМУ-нің 2 курс студенті Ермұрат Қорабаев қатысқан бейнесюжет шарада үздік танылды. «Сюжеті мен жанры өзгелерге ұқсамайтын, өзіндік құндылығы бар» деп ҚазҰУ ректоры Г. Мутанов бейнесюжеттің өзгешелігін марапаттау салтанатында ерекше атап өтті.

РУХ...
ҰЛТ...
ДӘСТҮР...



4
бет

Сейдахмет
Куттыкадам:
«Я НИКОГДА
НЕ ПИСАЛ
ПОД
ДИКТОВКУ...»



8-9
бет

С ДИПЛОМОМ –
В СЕЛО?



10
бет

ДӘРІС БЕРУ-
ДЕ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІЛДІ ДӘЙЕК
ҚЫЛАМЫЗ БА?

11
бет

Елбасы Жолдауы

2

Болашақтың іргесін бірге қалаймыз



Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

Егемен еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуын жақсарту мақсатында Елбасымыз жыл сайын Үкіметке, Қазақстан халқына бағыттап бағдар айқындап міндет жүктейді. Соның нәтижесінде іргеміз берік, керегеміз кең, тұрмысымыз тұрақты, бәсекеге қабілетті ел атанып, әлемдік елу елдің қатарына қосылуды көздеп келеміз. Елдің ертеңі мен болашағы үшін жасалып жатқан жасампаз шаралар да жеткілікті. Елбасының биылғы 2011 жылы қаңтар айының 28 жұлдызында Қазақстан халқына жолдаған жолдауында білім – ғылым мекемелеріне зор жауапкершілік жүктегені мәлім. Осы орайда көшбасшының Жолдауда ғылым – білімге байланысты айтқан ойларын сіздерге ұсынып отырмыз.

БІЛІМ БЕРУ

Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Бүгінде мектептерді компьютерлендіру толықтай аяқталды. Орта білім берудің 12 жылдық моделі енгізілуде.

«Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс. Біз кәсіптік және техникалық білім берудің мазмұнын толық жаңартпақ ниеттеміз. Бүгінде дамыған елдерде 1 миллион тұрғынға 1-ден 6 жоғары оқу орнына дейін келеді. Қазақстанда барлығы 149 жоғары оқу орны бар.

200 ғылыми кеңестер кандидаттар мен докторларды қалыптап

үшін дайындаудың негізгі арқауына айналатын болады.

ҮКІМЕТКЕ МЫНАЛАРДЫ ТАПСЫРАМЫН:

ЖОО-лардың инновациялық қызметке көшу тетігін қалыптастыру; Білім берудің сапасын арттыру және қолжетімділігін кеңейту үшін білім беруге қолдау көрсетудің жаңа қаржылық-экономикалық құралдарын енгізу;

Техникалық және жоғары білім берудің деңгейлері үшін бүгінде Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі ипотекалық құрылыста жүзеге асырып отырғанға ұқсас жинақтау жүйесін әзірлеу.

балабақша, 1534 мини-орталық, 137 жекеменшік балабақшалар салынды.

Бұрын жекешелендіріліп кеткен мектеп жасына дейінгі мекемелерді қайтару есебінен 172 балабақша ашылды.

Балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамту 30-дан 55 пайызға дейін өсті.

2020 жылға қарай біз оқытудың 12 жылдық моделіне толықтай көшетін боламыз. Ол үшін біз 2015 жылға қарай республикалық бюджет қаржысы есебінен кемінде екі жүз мектеп салып, осынша мектепті жергілікті бюджет есебінен тұрғызамыз.

2015 жылға қарай білім беру



құйғандай етіп жасап шығарып жатыр. 60 кандидаттың 1-і және 37 доктордың 1-і ғана ғылымға барады.

Осы жылдан бастап ол кеңестердің жұмыстары тоқтатылады. Бұдан былай магистрлар мен PhD докторлар дайындалатын болады. Біз университеттік білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейін қамтамасыз етуге міндеттіміз.

Бүгінде жаңа «Назарбаев университеті» арқауында нарық сұранысына бағдарланған жоғары оқу орнының инновациялық моделі қалыптастырылуда. Ол барлық қазақстандық жоғарғы оқу онындары үшін үлгі болуы керек. Менің тапсырмам бойынша бүкіл елде ашылып жатқан 20 зияткерлік мектептер дарынды балаларды үздік ЖОО-лар

Қазақстандықтарда мемлекеттен пайыздық бонустар ала отырып балаларын оқытуға қаржы жинаудың жаңа мүмкіндіктері пайда болуға тиіс.

Бизнес-қауымдастықтар мен жұмыс берушілер өкілдерін қатыстыра отырып Кәсіптік-техникалық кадрлар дайындау жөнінде ұлттық кеңес құру.

Білім беру жүйесіндегі барлық жұмыс мынандай нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы тиіс.

Мектепке дейінгі білім берумен және тәрбиемен қамтылған балалардың үлесі 2015 жылға қарай 74 пайызды, 2020 жылға қарай 100 пайызды құрайтын болады.

Менің тапсырмам бойынша қабылданған «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде тек 2010 жылы ғана 35

ұйымдарының 50 пайызы электронды оқытуды пайдаланып, 2020 жылға қарай оның саны 90 пайызға дейін артады.

2020 жылға қарай халықаралық стандарттар бойынша тәуелсіз ұлттық аккредитациялаудан өткен ЖОО-лар үлесі 30 пайызды құрайтын болады.

Инновациялық қызметті жүзеге асыратын және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізетін ЖОО-лардың үлесі 5 пайызға дейін артады.

Кемінде 2 жоғары оқу орны үздік әлемдік университеттер рейтингінде аталатын болады.

Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс.

Әзірлеген: Қ. ХАШЫМҚЫЗЫ

Елбасымыз біреу болса, басқамыз тіреу болу керек...

9 ақпан Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жылдары: кеше, бүгін, ертең» тақырыбында аймақтық жастар конференциясы өтті. Конференцияны ИНЕУ «Нұр-Отан» халықтық-демократиялық партиясы және Павлодар облысы әкімдігімен бірлесіп өткізді.

Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығы көптілді және көп-конференциялы қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді көрсетті. Мызғымас ұлттық бірлік, қоғамдық келісім, халықтың төзімділігін нығайту – тәуелсіз Қазақстанның басты жетістігі. Бұл – мемлекеттің дамуындағы өткен жылдарға байыппен қарау және ілгері дамудың жаңа жолдарын анықтауды талап ететін елеулі кезең.

Конференцияға жергілікті атқарушы билік өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар, білім беру мекемелері мен жоғары оқу орындардың студенттері қатысты. Конференцияда қарастырылған мәселелер: «Егеменді Қазақстанның қалыптасуы мен дамуындағы тұңғыш Президенттің рөлі», «Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында жастар саясатының жүзеге асырылуы», «Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында тіл саясатының дамуы» т.б. тақырыптарда баяндама жасалды.

Конференция барысында з.ғ.д. профессор, ПМУ ректоры Е.Арын, жиынға қатысушыларды айтулы мерекемен құттықтай келе: «...33 жылда емес, 20 жыл бір мүшел жаста мұндай ауқымды ауыртпалықты артқа тастап, үлкен жетістікке жетіп отырмыз. Тәуелсіздік күндерде еліміз айбарлы, рухы мықты, экономикасы тұрақты елдердің біріне айналды. Сыртқы саясатты берік ұстанып, достық, бірлікке бастады. Осыдан 20 жыл бұрын тәуелсіздік тағдыры, еліміздің қолында 20 пайызы ғана болса, қазір 80 пайызы қолымызда.

Білім-ғылымда да жыл сайын өркендеу, өсу белең алуда. Өз жерінде-ақ қалаған мақсатыңды орындап, игі нәтижеге қол жеткізуге болады. Магистратура, аспирантура, докторантура, 12 жылдық мектеп оқушыларына арналған жаңаша білім жүйесі бәрі-бәрі біздің бүгінгі тәуелсіздік жолында жеткен жетістіктеріміздің бірі болып саналады.

Іргелі елді бірлікте ұстау үшін ұлы көшбасшы және ұлы идея керек. Дәл қазір бұлар Қазақстанда бар. Қауіпсіздік, ішкі-сыртқы саясат, тіл мен діл, экономика мәселесі бәрі өз деңгейінше алға басып келеді. Бұл Елбасымыздың салиқалы сарабдал саясатының арқасында» деп ой түйсе «Нұр-Отан» халықтық-демократиялық партиясының жастар-ісі жөніндегі комитетінің төрағасы Әділ Жүмекенов, жастар атқарған іс-шаралар туралы сөз етті. «Біздің Павлодар жастары 2009-2010 жылдары бірлігі мықты деп үздік атанды. Әрине «Бірлігіміз жарасқан», «Жаңа он жыл...» атты көптеген жастар форумының нәтижесінде» деп сөзін аяқтай келе «кеше тәуелді, бүгін тәуелсіз, ал, ел ертеңі сіздердің қолдарыңызда», - деп ойын сабақтады.

Дегенменде Қазақстанның 20 жылдық тәуелсіздігі ел ертеңіне бастайтын сара жолды көрсетіп берді. Ендігі ісіміз, тек қана өзімізден!

Ә. БОЛАТХАНҰЛЫ

Туған жердің тағдыры 3

Қазақстан Тәуелсіздігінің 20-жылдығына орай

Қазақ елі мәңгілік...

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20-жылдығына байланысты университетіміздің жоспары бойынша Қазақ тілін жеделдетіп оқыту ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен ақпанның 10-шы жұлдызында «Қазақ елі мәңгілік» атты дөңгелек үстел өткізілді. Тәуелсіздігіміздің 20-жылдығына арналған жиында оқытушылар құрамы және студенттер атсалысты.

Жиында Қазақ тілін жеделдетіп оқыту ФПО директоры ф.ғ.к. Қ. Рақымжанов пен ФЖЖӨ факультетінің деканы, ф.ғ.к. Ж. Сарбалаев ашып берді. Өз сөздерінде Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келмегендігін, осы жолда ұлан-байтақ жерімізді ата-бабаларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғады. Қаншама арыстарымыз арман етіп, жанын пидә еткен. Міне, 19 жыл бұрын дербес ел атанып, ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Тәуелсіздігіміздің арқасында Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев жеріміздің шекарасын шегелеп, ұлттық теңгемізді шығарып, ұлттық рәміздерімізді айқындап берді. Ақын ағаларымыз Тәуелсіздікті аңсап, өлеңдерінде арқау етіп жазды. Өзі көзін көрген Мұқағали Мақатаев ту-

ралы да сөз етті. Егемендігіміздің ертеңі жастар сендерсіңдер деп, жастарға күш-жігер берді.

«Ата заң – ел тәуелсіздігінің басты кепілі» деген тақырыпта ф.ғ.к. А. Зейнуллина баяндама жасады. Ата заңымыздың ертедегі дала заңынан бастап, қазіргі заң шеңберінде сөз қозғады. Ата Заңды қабылдаудың себептері мен мақсаттары туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының кіріспесінде «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қауымдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы тарихи жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала, осы Конституцияны қабылдаймыз». Ата Заңға сілтеме жасап, сондай-ақ осы бөлігі саяси және идеологиялық тұрғыдан алғанда аса маңызды екенін ашып берді. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдаған жолдауымен сабақтастырды.

Баяндамашы т.ғ.к. Е.Рақымов «Тәуелсіздік жолындағы қилы - қилы кезеңдер» деген тақырыпта сөз қозғады. Өз сөзінде кеңес үкіметінің ыдырап, Тәуелсіздік алған күнімізден бастап шолу жасау негізінде Елбасының Тәуелсіздік жолында тәуекелге барып, ауқымды шараларды іс жүзінде асырғандығы туралы баяндады. Кеңес Одағының уысынан аман-есен босағанымыз, бірінші кезекте тағдырдың сыйы болса, екіншіден, азаттық жолындағы құрбандықтарымыздың өтеуі екені еш күмән туғызбаса керек. Сондықтан да егемен ел атанып, жеке отау тігуіміз қаншалықты маңызды болса, тәуелсіздігіміздің мәні мен тарихи маңызы жайлы сөз қозғау қажет екенін түсінетінін айтты. Қазақстанның қазіргі заман тарихын 1917 жылдан емес, 1991 жылдың желтоқсанынан бастаған дұрыс болар және «Қазақстанның тәуелсіздікке келуі» емес, «Тәуелсіздіктің жаңғыруы» деген тұжырым қалыптасуы тиіс, - деп ойын түйді.

Лингвистика магистрі. Т. Сматев «Тәуелсіздік күнінің тарихы» атты баяндамасында егемендігіміздің сара жолын саралай келіп, Тәуелсіз Қазақстанның Президенті Н.Ә. На-

зарбаевтың алғашқы Жарлықтарының бірі - 1991 жылғы тамыздың 29-ындағы «Семей полигонын жабу туралы» болды. Елбасының осы тарихи шешімі, батыл қадамы бүгінде дүние жүзіне мәлім тарихи фактіге және біздің ұлттық мақтанышымыздың мәніне айналды. Тәуелсіздігіміздің тұғыры мықты болсын. Әрбір қазақстандық азамат Тәуелсіздігімізді жан-жүрегімен ұғынуы керек, - деп тұжырымдады.

Студенттер жағы сұрақтар қойып, өздерінің де көзқарастарын білдіріп жатты.

...Қазақтың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы кезінде былай деген екен: «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу, - сатқындықтың белгісі. Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жұтынып қызмет еткін! Отан үшін отқа түс күймейсің. Опасызда Отан жоқ. Елсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды». Осындай елге деген сүйіспеншілік, күш-қуат, жігер әрбір қазақстандық азаматтардың бойынан табылсын деген ниетпен тарқастық.

**Қазақ тілін жеделдетіп оқыту ФПО
Кіші ғылыми қызметкер
К. БЕЙСЕНБАЕВА**

Саша Шишков, братишка моей лучшей школьной подруги Галки, сгорел от лейкемии в считанные месяцы. Тетя Нина, их мать, поседела и превратилась за несколько недель в старую женщину. К кому только не обращалась за помощью обезумевшая от горя мать. Даже Брежневу писала. Но не спасла. Для многих из нас, белогорских школьников, это была первая смерть человека, с которым так близко общались. Поэтому потрясение это запомнилось – как, вчера ведь только мы с Сашкой играли в снежки, купались в Белой, дрались и мирились... Он был такой жизнерадостный, всегда веселый и неутомный – и ...умер?!

Через многие годы все жители Майского района дружно поддержали движение «Семей-Невада». И, да простят мне эту крамолу, большинство моих земляков не руководствовало высокой политикой, думая о безъядерном мире. Просто трагедий, подобных Сашиной, в Майском районе становилось все больше. Мы жили на земле, где проводились ядерные взрывы, и пусть городок, который в ту пору называли – кощунственно! – «Надеждой», скрывался где-то в безбрежной степи, майчане, наверняка, дышали этим зараженным воздухом, пили зараженную воду. Ведь не секрет сегодня, что время взрывов намечалось военными с учетом розы ветров. Майчане так надеялись, что наконец-то с закрытием полигона эксперименты над ними прекратятся.



КТО ХОЗЯИН НА МАЙСКОЙ ЗЕМЛЕ?

Куда уж дальше, когда наша область лидирует в печальном рейтинге по онкологическим заболеваниям, и жители Майского района – в первых рядах. Да не тут-то было!

В середине февраля в областном центре прошли общественные слушания по вопросам оценки на окружающую среду космического ракетного комплекса «Байтерек». И хотя в качестве конечной остановки для фрагментов космических ракет

российскими учеными предложены центральные территории многострадального Майского района, его представителей на слушаниях-то и не было. Думаю, мои земляки и не подозревают, что завтра на их головы могут падать фрагменты ракетно-носителей. И дело даже не в том, что на их голову свалится какая-то железка, дело в экологической безопасности проекта. Как бы эксперты не уверяли, что возможные сейсмиче-

ские, механические, тепловые воздействия, а также химические загрязнения незначительны, именно эта обтекаемость определения вызывает подозрения. Насколько незначительны? Я основательно засомневалась в оценках российских экспертов, когда выяснилось, что они даже не знают о территории бывшего ядерного полигона. Ведь пустить космический аппарат по траектории над ядерным полигоном, уж куда бы уже не шло, все одно - отравленная земля. Если российские ученые так поверхностно осведомлены, в какой местности будет конечная остановка для фрагментов ракет, с какой долей вероятности мы можем верить их заверениям об экологической и прочей безопасности проекта. С тем, что этот проект, предназначенный для реализации национальных и коммерческих программ, Казахстану нужен, я не спорю. Но ведь Глава государства Н.А. Назарбаев практически в каждом из своих ежегодных Посланий утверждает, что главное богатство страны – здоровье нации. Это аксиома. Зачем нам непродуманные проекты, когда в будущем на кону сотни таких трагедий, как с Сашей Шишковым. Не помню, кто сказал о том, что люди, которым безразлично, что происходит на их земле, называются не народом, а населением. Если для российских да и впрочем, наших экспертов, майчане – население, мы-то себе не будем отказывать в праве называться народом... И мы ответственны за то, что происходит с нами и нашей землей.

М. РАХИМЖАНОВА

Қайшылық

Рух... Ұлт... Дәстүр...

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕЛЕРГЕ ҚАРСЫ КЕЛЕКЕЛЕР...

Ертелі кеш ұлылыққа ауғанымен аңсары,

Біздің қоғам ергежейлі дарындардан шаршады...

Өй, қазақпысың деген, өзімізде де бар... Егер сен қазақ болсаң, дінің ислам, аузында Аллаң болса, бағытың құбылаң болса – сен әулие Валентин күнін тойламау керексің. Өте жиіреністі. Ол көгілдірлер былығы болмақ. Монахтың құдайдың алдында күнәхар болып жезөкшемен жатқан күні дейді. Бір мәліметтерде католиктердің өз ішінде атап өтетін сүйікті мерекелері болған. Бірақ ол да көгілдірлер әлемінің жасанды тарихынан болған өте жат (мерекесі 14 ақпан) үлкен күннің жасалған күні.

Бұл айтылып та жүр, жазылып та жүр. Қазіргі кезде алысқа ұзамай-ақ қояйық, университет қабырғасында білім алушы жастардың арасында да бұл қараңғы бұлт үйіріліп тұр. ПМУ жатақханасында осы бір былық мерекенің басын шарадай қып тойлатып жатады. Былтыр да, биылда. Ондағы әрекеттері әумесерлер әлегін көтере отырып, онсызда ұлттық рухтан жүрдай адасып жүрген жастарымыздың жолын жаңылдыруда. Бұл біздегі ең үлкен масқаралық...

Көз алдымда санасы сәулелі екі студент қазақтың қара көздері кетіп бара жатқан еді, байқамай қолындағы кітабын құлатып алды. Қыздан бұрын иіліп ала бергенім сол еді 20 шақты жүрек формалы «әумесер Валентиннің» құттықтау қатырма қағаздары сау етіп тегілді. Жан шошырлық оқиға. Кітапты көтергеніммен аналарды жинауға қолым бармады. Қыздар таласа жинап әлек.

- Ау, қарындастарым, бұл бізге үш қайнатса сорпасы қосылмайтын мереке гой, тіпті бұның тарихы жиіреністі, - деп едім қыздардың да әбден санасы сорға малыныпты. Маған:

- А, бізге бәрібір ғашықтар күнін бәрімізге ортақ, - деп айналды да жүре берді...

Қазақтың қылықты қызы мен ұлықты ұлы бұлай дегенде, мектеп пен балабақшадағыларды атамай-ақ қояйық. Біз бір нәрсені қатты естен шығарып алғанбыз. Ұлттық мерекені былай қоя тұрып ұлттық дәстүрге тиек тағып күмбірлете күй шертіп жүрген өз маман иесі болмаса, иек астынан қарайтын қазақтар қаншама. Тіпті тарихтағы тұлғаларымызбен талай дастан-аңыздарымыздың арасынан бұл мерекенің тамтығы да жоқ. Қайран бабалар, сендер естімеген сұмдықты бүгін балаларың жасауда. Қазақтың қанында бар құндылықты, өзгенің өгіз терісімен қаптап сайқымасақ жындылық істеуді қашан қояр екенбіз...

ҚАЛАЙДА АЙТУ МІНДЕТ:

«Ақ серек пен көк серек, бізден сізге кім керек» - десе қазақ, мынау: - тамырын тұлдыр ғып, болашағын бұлдыр ғып, жатты аңсаған жастарға өз тілін өздеріне жұлдырып, бөліп-бөліп бұлдыр ғып, еш адамға керексіз тоқым қылып тартар – тілің керек...

«Ақ серек пен көк серек, бізден сізге кім керек» - десе қазақ, анау:

- бөліп үзген мықтының, ұран салса, бұқты мың, алғыр жолдың тіп-тігін көрсетер – ұлттығың керек...

«Ақ серек пен көк серек, бізден сізге кім керек» - десе қазақ, сонау:

- алтын тамыр астығың, ұлттың ұйықтар жастығың, тарихымың тас тілін тербетер – дәстүрің керек...

Үш мамық та, үш анық та осы. Бұлардың жасанды жат ауызға жұтылып немесе жұмған жұдырығымыздан құтылып кетпесіне кім кепіл. Үкілі үш найзаның басын матастыра байлап тереңге бойлата табылтпай тұруға – ұлттық рухтың күші ғана жетеді. Қалайда «қазақ бол, қазақ бол», - дей бермей, түйінді бірлесе тарайық, алайда өзімізде, өз тіліміз бен дәстүрімізге дұрыстап қарайық...

Ә. БОЛАТХАНҰЛЫ

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛІ МЕРЕКЕЛЕРДІ НАСИХАТТАУ

Қазақстан Республикасының Ұлттық дәстүрлі мерекелерін жастар мен жасөспірімдер арасында насихаттау жөніндегі 2011 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Осы бұйрық бойынша университет ішіндегі басшылар мен проректорларға, факультет декандарына, тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім бастығына, баспасөз қызметінің директорына т.б. арнаулы бөлімдерге жіберілді. Енді университет ішіндегі ұлттық бағыттағы мерекелік іс-шаралар жүзеге асатын болды.

ПМУ ректоры Е.Арын бір жылдық іс-шаралар бағдарламасында:

Жастармен жасөспірімдер арасында әсіресе мектептерде, арнаулы және жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасындағы ұлттық және мемлекеттік, кәсіби және өзге де мерекелердің атап өтілуінің тарихи себептері жайлы түсіндіру жұмыстарын дәрістер оқу арқылы жүргізу; Ұлыстың ұлы күні «Наурыз» мерекесі аясында ұлттық көкпар, қыз қуу, тоғызқұмалақ, қазақша күрес және т.б. іс-шараларды жастардың қатысуымен ұйымдастыру, кеңінен насихаттау; 15 сәуір – Ұлттық ғашықтар күніне орай «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» байқауын жастар арасында кеңінен атап өту және т.б. айтулы ұлттық бағыттағы мәдени іс-шаралар өз кезегінде жүзеге асатын алға тартты. Бұл біздің ұлттық ойымызбен ұлттық дәстүрімізді дәріптеп ұлттық рух аларына сенеміз. Жастар бағытында қазіргі күнгі адасушылық көп кездеседі. Орталықтан ұйымдастырылған мұндай іс-шаралар университетіміздегі жастар санасына ұлттық құндылықтарды ұғуына, титтей де болса саналы сезінуіне мүмкіндік болады. Университет аясында өтетін мерекелік шаралардың өз идеясы және өзінің мемлекеттік тіліне деген қандайда бір құрметі болуы керек. Ұлылықты берген екен, құл былықтан басымызды ада ұстайық.

MISTER, MISS ПГУ-2011

«...Біз ПМУ-дың мистерін осыдан 50 жыл бұрын таңдаған болатынбыз, содан кейінгі мерейлі жасты артқа тастап бүгін міне ПМУ-нің Мистері мен Миссистерін таңдағалы отырмыз. Университеттің қабырғасында өтетін мұндай мерекелі игі шаралардың біріне хош келдіңіздер», - деп бастады Мистерді жүргізуші.

Недесекте «ПМУ университетінің 2011 жылғы Ханзадағы мен Ханшайымы» деп айтуға бізге әлі ұят сияқты. Өйткені қалтасы тесіліп тізесі жыртылуға шақ тұрған қазақ тіліндегі қойыртып сөзді қайтеміз. Біз болашақпен өмір сүреміз ғой жастар. Ағылшынша атақ алып, атымызды да алапес қып өзгертіп жатқанда, «Ханшайым – Мисс, Ханзада – Мистер» деп өзгеріс жасауымыз қате. Бұл біздің қазіргі университет қабырғасындағы оқитын оқушылардың жалпақ көзқарасы. Қазақ тілінің қолданысы біреуді мақтау, біреуге қағаз жүзінде бұйрықты орындату немесе осы мерекедегі жүргізуші қыз секілді: «армысыздар, керемет, қарсы алыңыздар», - деген сияқты кездерде қысқарып шығуға жаралған.

Сонымен Мистер мен Миссиске қатысушылар төмендегідей:

Жұмабеков Бауыржан мен Нұғыманова Әлия, екінші жұп Ғабдумажит Арман мен Қозыбаева Анель, үшінші жұп Қасенов Азат пен Мұқанова Айым, төртінші жұп Адамғалиев Ермек пен Дүйсенбаева Әлия, бесінші жұп болып Тастай-



ов Тұңғат пен Тұрашева Жадыра болып өнер көрсетті. Бір ғажабы қатысушылар қара көз қазақ жастары бола тұрса да конкурс шарты да, ар жағы мен бер жағы да орыс тілінде өткізілді. Қос тілді тістеген қос жүргізуші қазақша-орысша сөздікті тең дәрежеде аударма алмаған тәрізді. 95 пайыз орыс тілінде, 5 пайызы қазақ тілінде өтті. Бұл біздің Мемлекеттік тілдің мүддесіне жасаған бармақ басты – көз қысты әрекеті. Солай болды да. Қазақтың қара көзі қазақ тілін жеткіздерде өз-өзінен сөзден жаңылып, мүдіріп, мүлдем мылқауланып қалды. Негізінен ондай мазакқа қазақтың тілі қалай қарайды екен?

Жалпы үш бөлімнен тұратын ойын шартына тоқтала кетсек: 1) бөлімде жұптар бір-бірімен қалай танысқаны туралы қысқаша сюжетті қалжыңға құрылған видео көрсетті. Оны өз тілдерінде біздің махаббат қалай басталды?, - деп те атап жатты. 2) бөлімінде сайыскер жұптар «ғашықтың тілі тілсіз тіл» деп айтқан Абай атамның ойына өздерінше айдар қойыпты. Қазіргінің ғашықтарының тілі «ымды білмесең дымды білмейсің» дегендей бірін-бірі бет-

ауыз, қол қимылымен бірінің ойын бірі түсіндіретін кезек болды. Мәселен, жүргізуші жасырған сұрақтың бірі: «Мен итке тамақ беруді ұмытып кетіппін, Мен үтікті өшіруді ұмытып кетіппін...» деген сияқты жағдайларды бұлдіріп те, күлдіріп те көрсетіп жатты. Компьютер басты жарты адамдардың жасағаны тәрізді қазір бәрі де заманауи жарыстар жаңалығын көрсеткендей. Бір қуанарлығы би бөлімінде «Қара жорға» биіне шыққан жұптарға отырған көрермендер құлшына қол соғып жүзден бір рет болса да ыстық ықыластарын білдірді. Содан-ақ байқауға болады біздің Керекулік жастарда ұлттық намыс, рух жоқ емес бар. Бірақәлсіз та м ы р д а т ы м - т ы р ы с ұ й ы қ т а п ж а т ы р . Ж ұ п т а р д ы ң е ш к і н е с і ж о қ , о р ы н д а у ғ а б ә р і д е құ л ш ы н а к і р і с т і . Ү ш і н ш і б ө л і м ө р ұ л т т ы қ б и і н е а р - н а л - с а ,

төртіншісі Қазақстан тарихынан сұрақтар қойып конкурсты тәмамдады. Қортындысында №1 жұп Жұмабеков Бауыржан мен Нұғыманова Әлия қазіргінің қазақ тілі ой кешіріңіз моды тілімен Mister, Miss ПГУ-2011 жеңімпазы аталды.

Әр елдің биіктігі оның рухының биік болғанында. Қазіргі жаттау, мен көшіру қауіпі белең алғаннан соң, ұлттық бояудың өшуі ғажап емес.

«Мен қай тілде еркін сөйлеп, оқи алам, жаза алам, Білім, жұмыс, нан таба алам, сол тіл – менің өз анам», - деп айтқан екен ұлы бір кемеңгер ағамыз. Соған қарағанда біздің жастарымыздың анасы екеу болғаны да. Жоғарыдағы аталған биылғы университет мерекесіне арналған ұлттық дәстүрлі мерекелерге бұл мерекенің қандай қатысы бар, не қосары бар екенін білмедік.

Расул Ғамзатов

Егер тілім жойлатын болса ертең, Онда құдай мені бүгін алмай ма?

Тестілеу жүйесінен не ұтамыз?

Кейінгі кездері ұлттық басылымдарға ең көп көтеріліп жүрген проблема ҰБТ тәңірегінде. Бұл мәселенің жиі-жиі қозғалатынының да себебі жоқ емес...

«Оян, намыс.KZ» журналында «Тесттің түбі тұңғық, батасында кетесің» мақаласында «Өткен ғасырдың 1960 жылдары Африка құрлығындағы отар елдер жаппай тәуелсіздік алды. Бір қызығы отаршылықтың зарарын тартқан қара халық отарлаушыларға ілесіп Еуропаға аттанды. Өйткені олар өздерінің тілін ұмытып қалып, еуропалықтардың тілінде сөйлейтін бейбақтар екен. Өз жерінде қалайын десе, ана тілін білмейді. Осылай Францияға лек-легімен ағылған афроиммигранттардың білімі мүлде төмен еді. Саналық деңгейі жетілмеген сондай, көпшілігі оңға дейін ғана санай білетін. Екі қолдың саусағы саналып біткен соң көздері алақтап тұрып қалатын. Олар миллион дегенді оймен де елестете алмайтын. Міне, осы адамдарды тезірек қатарға қосу мақсатында, солардың ыңғайына бағып, тест жүйесі ойлап табылған», - деп тарихын баяндап, әрі қарай «Тест адамның ойлау қабілетін тек болжау қабілетіне алмастыратын», қауіпті жоба екендігін баяндайды.

Шындығында да ертең мемлекет тізгінін ұстайтын жастарға дұрыс бағытта ілім беріп жатырмыз ба? Қазіргі тестілеу жүйесінің артықшылығы ғам кемшін тұстары қайсы?

Артықшылығы жоғарыда «Оян, намыс.KZ» журналында Ұ. Нұрғалимұлы жазғандай «...саналық деңгейі жетілмегені сондай, көпшілігі оңға дейін санай білмейтін», көш соңында қалған ұлттарды ортаға қосуға таптырмас жоба. Себебі, тестілеу көп ойландуды қажет етпейтін жүйе. Екіншіден, бір мерзімде еліміздің барлық талапкерлерінен тест қабылдап, қорытындыны бір уақытта біле аламыз. Басқаша тест жүйесінің тиімділігін қалай тарқатуға болатынын білмейміз?

Ал тесттің қоғам үшін зиянды жақтарын объективті тұрғыда барлап көрсек.

Біріншіден, коррупция індетінің таптырмас ошағы болуымен қымбат. Кейінгі кездері ҰБТ айналасында қолға түскен қылмыстық істер жиілеп кетті. Егер өз көзіңізбен қанық болғыңыз келсе тест болатын күндері еліміздің кез-келген түкпірінде (әсіресе ОҚО, Қызылорда, Алматы, Ақтау, Тараз облыстары) болсаңыз көзіңіз жетеді. Ең сорақысы тіптен белгілі баллдың құны да белгіленіп қойылған. Мысалы, 100, 115, 125 баллдардың құны 2500-5500 АҚШ доллары.

Жиі ауысып тұратын министрлер осы мәселені ауыздықтаймыз деген-

мен толығымен құрықтай алмай отыр. Оның себебі көп. Бұл жайлы төмендегі аргументтерде шоламыз.

Екіншіден, саналы түрде ой қорыта алмайтын болашақ жастарды тәрбиелеудеміз. Тест тек жаттандылыққа баулып, алған білімін зерделеуге талап қоймайды. Ал мұндай білім бүгін бар, ертең жоқ, келешегі белгісіз тұманды ілім болмақ. Демек, тестілеу жүйесі жастардың білімсіздікке баулуда. Сонымен қатар, тест тапсыруға бейімделген жас өспірімнің тіл байлығы, сөйлеу мәдениеті, кәдімгі программа орындайтын роботтар секілді қалыптасады дейді мамандар. Себебі, қойылған сұрақтың «иә», «жоқ» немесе т.б. жауаптарын салыстырмалы түрде көп ойланбай-ақ белгілей беруге болады. Тестінің арқасында бала қиялын ұшқындап, ойын дамытатын көркем және кәсіби әдебиеттер оқылу жайы мүлдем ысырылып қалады. Осындайда белгілі ғалым, профессор Қуандық Пазылұлының айтқаны есімізге еріксіз оралады. Қ.П.Жүсіп: «Бүгін көгілдір экранда берілетін мультфильмдер балалардың ойлау қабілетін тежеуде. Бала кітап оқып отырып өзі бас кейіпкер ретінде рөлдерді сомдап, ойы, қиялы дамиды. Ал мультфильм секілді дайын продукция бала ойы дамуына ешқандай әсер етпейді», дегенін талай жерде естіген едік. Ал мультфильм немесе кинолар адамның ойлау қабілеті артуына еш әсері болмаса тек төрт жауабы берілетін тесттің бала зейіні мен білімінің дамуына қалайша ықпал етеді екен...

Үшіншіден, орта мектептерді тым жалаң бәсекелестікке түсірді. Жасыратыны жоқ мектептің жетістігін ҰБТ қорытындысымен таразылайтын «социалистік жарыс» болды. Мектептер ҰБТ-да жоғары көрсеткіштер көрсету үшін жанталасады. Өйткені, тестілеу нәтижесі мектептің жылдық көрсеткіші, жеткен шынына айналды. Тіптен, мектеп директорларының қызметін жалғастыруының да кепілі ҰБТ қорытындысы мен байланысты болуда.

Сонымен қатар, ҰБТ-ны өткізу жергілікті білім басқармасының да дөдасына айналды. Өйткені, ҰБТ-ның қорытындысымен облыстық, қалалық, аудандық білім беру мекемелерінің жұмысын бағалайды. Демек, жоғарыда келтірген коррупция осындай жалаң бәсекелестікте жеңімпаздар қатарында тізімінде болу үшін итермелейтіні шындық.



Бүгінде тестілеу қорытындысы – білім көрсеткішінің бірегей емес, ол білім саласының бір ғана көрсеткіші екені ескерілмейді. Кейбір мектептерде бітіруші сынып оқушылары бар күш-жігерін мектеп бағдарламасына емес, тестінің сұрақ жауаптарын жаттауға жұмсайтын қүйге жетті. Тіпті тест сұрақтарын қалай тиімді жаттатуға болатыны жайлы әдістемелермен дайындайтын мұғалімдер де пайда бола бастады. Өлгі ұстаздардың «жаттату», «бекіту», «тест құрау», «содан соң оны көбейту кестесі секілді жаттап алу» және т.б. кезеңдерден өтетін өзіндік тест жаттату бағдармалары бар. Сөзсіз мұндай жағдайда білім сапасы екінші жағдайға ысырылып, орта мектептерге берілген оқу бағдарламасы жайына қалады. Тест жүйесіне отандық электронды құралдары да барынша қызмет жасауға кірісіпті. Керек десеңіз ұстаздардың тест жаттатудың методикаларынан басқа электронды құралдарда балалардың тест жаттауына мүмкінділік жасап жатыр екен. Мәселен, «test.idhost.kz» сайты және т.б. сайттардан оқушылар керекті пәндерден тест тапсырып өздерін тексеруге толық мүмкіндік бар. Сондай-ақ, «ҰБТ-ға дайындық», «ҰБТ қарсаңында», «Балаларға ҰБТ-ға дайындалуға қалай көмектесу қажет» т.с.с. айдарларда талапкердің жоғары балл қалай алуға болатыны жайлы ақыл беретін кеңесшілері болыпты. Мәселен, «ҰБТ-ға дайындық алдында ең алдымен дайындық жоспарын жаса. Есінде болсын тест жүйесіндегі ең бірінші талап жатта, жаттау және тағыда жатта! Ең алдымен өзіңнің кім екеніңді анықта – жапалақсың» ба, әлде «боз торғайсың» ба? Міне, соған қарай таңертең немесе кешке көп жұмыс істей алатыныңды анықтайсың. Талапкер көңілінді түсірме! Барлық тапсырманы орындауға тырыс, бірақ тәжірибе бойынша бұл мүмкін емес екендігін есінен шығарма. Болжа! Егер

сен дұрыс жауапты таппасаң немесе білмесең, интуицияға сенуіңе болады. Онда ең жақын болуы тиіс деген нұсқасын таңдауға тырыс.

Келесі ойланар жайт – тестінің санаулы пәндерден ғана тұратындығы. Оқушы тесттіде Қазақстан тарихы, қазақ тілі, математика басқа пәндер бей қалады.

Өзіңізде талапкер ретінде тест жаттау арқылы ЖОО оқуға түсетін оқушы орнына қойып, дайындалып көріңізі. Сізде міндетті түрде жаттауға көшетін едіңіз...

Соңғы түйін.

Талапкер оқушы 10 және 11 сыныптарда тест жаттап жоғары мектепке оқуға түседі. Хош делік! Одан кейін ЖОО бітіргенше емтиханды 4 жыл бойы тест арқылы бағалаймыз. Одан қалса орта мектептегі бастауыш сынып оқушыларын тест тапсыруға баулып, тіл байлығы дамуына, сөз саптау, сөйлем құрау, ойдан ой өрбіту, ойының көркемдік жетілуіне мән бермей, тек болжам мен өмір сүруге дайындап жатырмыз. Міне, осылайша болашақ роботтар дайындап отырғанымызды мақтан тұтып, заманауи білім беру үрдісі ретінде тест жүйесін бағалап жүрміз. Бәлкім, Еуропа елдері қосалқы білім беруге ғана пайдаланып жатқан тестілеу біз үшін керемет жүйе шығар...

Егер осы алған бағытымыздан жаңылмай жүре берсек әлі-ақ рухани көкжиегі таяз, тек команданы орындайтын жасампаз әскер дайындағанымызға мақтанып отырамыз. (Құдай сақтасын!)

Тестінің о бастағы идеясы – оқушының оқыған барлық информациясын қалай қабылдағаны туралы мәлімет жинау болса, бізде бәрі басқаша болып тұрғаны. Бізді сол қынжылтады...

А. АНАРБЕКОВА

Сұраңыз жауап береміз

Олжас ЗАЙМОЛДА 2-курс студенті

Бизнес-жоспар дегеніміз не?

Бизнес-жоспар дегеніміз бір мекеменің немесе фирманың қызмет өнімділігін анықтап, басқаратын негізгі тетіктік құрал. Бизнес-жоспар жасау фирманың бизнесін, қызметін дұрыс жолға қоюға және басқару саласын сауатты басқару мен оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Бизнес-жоспар не үшін қажет және қандай мақсаттарды көздейді?

Нарықтық экономикада фирманың бәсекелестерімен бірдей деңгейде болуы үшін, жаңа өзгерістерге бейімді болуы үшін және сыртқы жағдайлар-

мен қоса ішкі жағдайларды да реттеу үшін бизнес-жоспардың болуы міндетті. Бизнес-жоспар арқылы фирманы жақсы басқарып, жетістікке жету үшін төмендегідей қарапайым шарттар орындалуы тиіс:

- Әкімшілік (администрация) мен инвестор фирманың нарықтағы орнын анықтай алуы керек және қаржылық жағдайларын да дұрыс бағалай білуі керек;
- Фирманың менеджментін түсінетін мекемелер алдарындағы нақты мақсаттарына жетуге ұмтылуы тиіс;
- Мекеменің менджменті мен инвестор нарықтағы және фир-

маның іші-сыртында болып жатқан жағдайлардың себептері мен мағыналарын біледі.

Бизнес-жоспарды жақсылап жасау мекеме басшысын немесе менеджерді дайындау үшін көмек болады. Егер сіз фирманың бизнес-жоспарын дұрыс әрі сауатты түрде жасай алатын болсаңыз, онда сіздің фирмаңыз табысты, тиімді және басқаруға қолайлы түрде жұмыс жасайтын болады. Болашақта болуы мүмкін жағдайларға байланыс болжамдарды автоматты түрде жасап, тез арада тиісті шешімді қабылдайтындай деңгейге жетесіз.



Мәдениет

6

СВЕТ ВЫСОКОГО ШАНЫРАКА

Третий год пресс-клуб университета носит имя одной из первых профессиональных казахских журналисток Павлодарского Прииртышья Лязизы Сергазиной. И хотя об этой удивительной женщине мы писали в университетской прессе не раз, вопрос о создании музейной экспозиции в пресс-клубе, которому к ее столетнему юбилею было присвоено ее имя, раньше не поднимался. Не каждому гостю мероприятий, которые проходят в пресс-клубе, удастся поближе познакомиться с личностью, имя которой золотыми буквами вписано в историю отечественной журналистики. И с замыслами приступить к созданию экспозиции эта затея явно по душе. Все это время Бауыржан снимает на камеру – комнаты, во многих из которых все на тех же местах, как при родителях Райхан-апа. Во всем – в ее речи, в манере держаться, в ее негромком голосе – сквозит особенности настоящей, как принято говорить, старой интеллигенции, той, которую сегодня в пору называть «уходящей натурой». О беседе с ней расскажу в следующем номере, но не могу удержаться от упоминания об одной детали – Райхан Аbugаликызы в равной степени замечательная рассказчица как на казахском, так и на русском языках. В свое время она закончила в Алма-Ате Институт иностранных языков, но знание родного языка в их семье было непреложной нормой бытия. Когда,



явственно проносится перед ней. Вместе с ней продумаем будущую экспозицию, и моей почтенной собеседнице эта затея явно по душе. Все это время Бауыржан снимает на камеру – комнаты, во многих из которых все на тех же местах, как при родителях Райхан-апа. Во всем – в ее речи, в манере держаться, в ее негромком голосе – сквозит особенности настоящей, как принято говорить, старой интеллигенции, той, которую сегодня в пору называть «уходящей натурой». О беседе с ней расскажу в следующем номере, но не могу удержаться от упоминания об одной детали – Райхан Аbugаликызы в равной степени замечательная рассказчица как на казахском, так и на русском языках. В свое время она закончила в Алма-Ате Институт иностранных языков, но знание родного языка в их семье было непреложной нормой бытия. Когда,

вспоминает Райхан-апа, в столице открыли первую и единственную казахскую школу, в нее везли детей со всех уголков города те родители, которые не хотели, чтобы их мальчики и девочки оторвались от своих корней. Эта деталь, согласитесь, штрих к портрету родителей хозяйки дома.

У казахов есть замечательное понятие «ырым» – мы привезли баурсаки, собранные Райхан-апа нам в дорогу вместе со сладостями, и позвали на чаепитие в пресс-клуб будущих журналистов. Пусть им всем перепадет частичка таланта, народного признания и творческой удачи, которые сопутствовали Абу-ага и Лязизы-апа. Практически во всех пожеланиях моего народа говорят: «Пусть будет высоким твой шанырак!». И нам так хотелось с нашими ребятами, делающими первые шаги в журналистике поделиться теплом

и светом шанырака двух таких неординарных, талантливых людей, как Абу Сарсенбаев и Лязиза Сергазина.

Райхан-апа передала самые добрые пожелания в адрес руководства нашего университета за память о ее матери и добрые дела, поблагодарила Ерлана Мухтаровича за присланные книги. «Я хочу передать Вам дневники моей матери, сможете ли опубликовать?» – спросила она между делом в беседе. А недавно я получила ответ нашего ректора на этот вопрос Райхан-апа: сможем. Ведь, наверняка, только деятельная память – самая благодарная дань почитания и уважения тем, кто внес заметный вклад в развитие казахской культуры и литературы.

P.S. Сохраняя светлую тональность встречи с Райхан-апа, я хотела не писать об одной проблеме, которая тревожит в последнее время ее все чаще. «Майдаш, мне уже перевалило за 80, – сказала она мне – Пока были силы, как зеницу ока, берегла этот рабочий кабинет моих родителей, ухаживала за шаныраком. Уйду я, кто продолжит мое дело? Почему бы нашему правительству не разместить такие рабочие кабинеты, памятные вещи, связанные с именами классиков литературы, видных деятелей отечественной культуры под одной крышей. Ведь литературное и творческое наследие таких людей, как мои родители, принадлежит народу». Согласитесь, в этом пожелании есть резон. Ведь не у всех классиков есть такие дочери, как Райхан Аbugаликызы Сарсенбаева...

М. РАХИМЖАНОВА

Дом 129 на ул.С. Мауленова (бывшей Интернациональной) буквально облеплен мраморными плитами: видимо, в нем давали в свое время квартиры деятелям литературы, многие из которых, как и Абу Сарсенбаев, стал признанным классиком. В соседнем подъезде жил, кстати, Мукағали Макаатаев. Дома нас радушно принимают Райхан-апа и ее сын Мирас. И хотя Райхан Аbugаликызы буквально перед нашим приездом выписалась из больницы, она искренне обрадовалась нашему визиту, ведь мы ей практически – нагашы, земляки ее матери. Двери этого дома всегда были открыты для гостей – нередко павлодарцы прямо с вокзала ехали к Лязизе-апай, несмотря на дальней родство.

Қазаққа қашан әй дейтін әжесі, қой дейтін қожасы шығар екен. Ұлттығын ұмыту құл болудың бірден-бір жолы. Тілі мен мәдениеті кеткен ел, жетім қозыдай

ұлттық үлгідегі көйлек киіп, бастарына жұқа жібек орамал салып келуді міндеттеді. Ендеше, түркімен қызы өзінің ұлттық киімінің жанды жарнама-сына айналды. Сұлтанмахмұт Торайғыровша айтсақ, «Анау қырда татар тұр, басқалармен қатар тұр, анау ойда қазақ тұр, қастарында азап тұр, ұйқысы көп, ояуы аз, бұл не деген ғажап-дүр». Кезінде жібекке қызығып, барын бағаламай, тері мен жүннен жасалған бұйымдардан қол үзіп қалған ғұндар Қытай патшалары тартқан тегін сыйдың сұрауы барын соңынан түсініп, сан ұрып қалғанына тарих куә. Ал бүгінде мәселе экономикалық тәуелсіздікте ғана емес, мәселе ұлттың өзін-өзі тануында. Ал бізде ұлттық киімді шетелге шыққанда ғана сатып алатындар бар.

ҚАЗАҚ КЕРЕМЕТ ДАНА ХАЛЫҚ ДЕП КЕУДЕ ҚАҒАМЫЗ...

Бірақ несімен керемет екендігін сараламаймыз. Кез келген ұлттың мәдениеті оның тілі, ділі, діні, салт-дәстүрінен тұтас құрылады. Біреуін бөлшектеп алу қате. Ендеше, қазақтың ұлттық киімі де сонау қазақ, қазақ болып қалыптаса бастаған Алтын орда, Ақ орда заманында мойындаған, Хақ дін исламмен біте қайнасқан. Сондықтан, ата-бабамыз, әурет жерлерді жабуды парыз еткен қасиетті кітап Құран сөзін аяқ асты

Жаңалық жаршысы

13

ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТІ ЖӘНЕ МӘШҰР ЖҮСІП ТАҒЫЛЫМЫ...



Семинар барысында МЖ.Көпейұлы атындағы сайттың тұсаукесері болды, 10 баяндама оқылып, қонақтар Мәшһүр Жүсіптің бала тәрбиесіне қатысты өлеңдерін оқытудың әдіс-тәсілдерін көрсетті.

Мәшһүртану ғылыми – практикалық орталығының директоры, ф.ғ.д профессор Тұрышев Айтмұхамбет Қасымбайұлы арнайы қатысып, келген қонақтарға өз алғысын білдіре отырып, «Ислам конференциясы ұйымы мен Мәшһүр Жүсіптің рухани мұрасы» атты баян-

Жақында «Ислам өркениеті және Мәшһүр Жүсіп тағылымы» атты Павлодар облысының қазақ тілі және әдебиет пәнінің мектеп мұғалімдерінің арасында дәстүрлі семинары өткізілді. Семинардың мақсаты, 2011 жылы Қазақстан Республикасының төралығымен өтетін бүкіл әлемдік Ислам конференциясы қарсаңында Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Ислам ілімінің білгірі ретінде таныту, насихаттау. Шараны ұйымдастырушы қара шаңырағымыздың Мәшһүртану ғылыми – практикалық орталығының ұжымы.

дамасын көпшіліктің назарына ұсынды. Сонымен қатар Айтмұхамбет Қасымбайұлы Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Балапан» бағдарламасы негізінде ой өрбіте отырып, Мәшһүртануды балабақшадан бастап үйрету керек екендігін нақты атап өтті.

Осы орайда Қонақтар арасында №6 балабақша директоры Л.Қожабаева, методист Ж.Мұқтаева, хореограф З.Петровалардың дайындауымен аталмыш балабақшаның 28 тәрбиеленушілері өз өнерлерін ортаға салып, жиналған көпшілікті таң-тамаша қалдырды. Олар Отан туралы өлеңдер оқып, грузин биін билеп, қазақтың ұлттық киімдерін көрсетумен қатар тәуелсіздік күніне арналған тапқартарын оқыды. Солардың ішінен Сүлейман Сарбүлеев, Нұрсұлтан Амангелді, Тоғжан Мұнайдар үздік өнерлерімен ерекшеленіп, шараға қатысушылардың ыстық ықыласына бөленді.

Қ.ХАШЫМҚЫЗЫ

РЕВИЗИЯ УЧЕНЫХ СТЕПЕНЕЙ

В университете прошла проверка УМКД и УМКС специальностей магистратуры и докторантуры PhD.

Данная проверка проходит 1 раз в год в начале 2 семестра. График проверок разрабатывается деканатом магистратуры и докторантуры и утверждается проректором по научной работе. В комплекс сверки входит проверка комплекта организационных и методических документов по специальностям. Всего в учебно-методическом комплексе 44 специальностей, а в учебно-методическом комплексе докторантуры PhD 4 специальности.

УМКД и УМКС разрабатывается и формируется выпускаемой ка-

федрой на момент получения лицензии. Структурными элементами УМКД и УМКС является рабочая учебная программа для магистрантов (Syllabus), методические указания, график выполнения и сдачи заданий по дисциплинам, лекционный комплекс, план семинарских задач и др.

По итогам проверки были подведены следующие результаты по факультетам: факультет истории и права составил 95%, всего на 10 шагов им уступил факультет филологии, журналистики и искусства - 80%, такой же коэффициент набрал факультет физики, математики и информационных технологий - 80%,

недалеко от них стоит факультет металлургии, машиностроения и транспорта - 78%, финансово-экономический и архитектурно-строительный факультеты набрали равное количество баллов - 77%, также энергетика и факультет химических технологий и естествознания оказались на одной ступени знаний, их показатели составили 75%, агро-технологический факультет набрал 70%.

Как отмечает заместитель деканата докторантуры и магистратуры Ботагоз Ермуратова: «Показатели выше 70% соответствуют нормам государственного стандарта».

И. РЫСМАГМБЕТОВА

ТЕК ҚАНА АЛҒА...

Өрқашанда спорт туын жоғары ұстап, намысты қолдан бермейтін сайыпқырандарымызға құрмет көрсетілді.

Таяуда ғана бүкіл әлемді дүр сілкіндірген Азиада ойындары біздің Мемлекетімізде өтіп, спортшыларымыз ел мерейін асқақтатты. Қазақстан спортшыларының даңқы күллі әлемге көтеріліп, дүниенің төрт бұрышына тарағандай. Ендеше бізде өз алыптарымызды ардақтап, алар асуларына шабыс тілейміз.

2010 жыл қорытындысына сай салтанатты түрде облыстың тандаулы спортшылары мен жаттықтырушыларды марапаттау рәсімі ПМУ-нің мәжіліс залында болып өтті. Құттықтау сөз Азиаданың ашылу салтанатына қатысушы спорт ардагері, Павлодар қаласының құрметті азаматы Людмила Прокашеваға беріліп, кештің көрігін қыздыра бастады. Сөзлегін ары қарай Азиада алауын ұстаушы, Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры Арын Ерлан Мұхтарұлына берілді.

Жарыстардағы жарқын істерімен, жоғары табыстарымен бізді қуантып жүрген, олимпиадалық ойын түрлері бойынша тандаулы спортшыларымызды, үздік жаттықтырушыларды, спорт бағытындағы журналистерді, олимпиада чемпиондарын т.б. спортты жан-тәнімен сүйіп, осы салада бар өмірін арнаған шеберлерді салтанатты түрде марапаттау рәсімі болып өтті.

Бұл қошаметтен спорт журналистері де құр алақан қалмады. Облысымыздағы спорт сиқырында шолушы мен жорушыларымыз:

«Қазақстан-Павлодар» телерадиокөманиясының тілшісі – Мұрат Әбілмәжит; «Облыстық радионың» тілшісі - Амантай Аймағамбетов; «Сарыарқа Самалы» газетінің корреспонденті - Фархат Амренов; «Звезда Прииртышья» газетінің тілшісі - Владимир Бугаев; «Ирбис» телеарнасының корреспонденті - Ардақ Сейтқазиндерге облысымыздағы үздік спорт журналистері аталып, құрмет көрсетілді.

Мұндай ел еңсесін көтерер игі шаралар, әлем шарайнасынан Қазақстанды бір жарқ еткізетіні анық. Және солай болды да. Ендеше, қытымыр қыста құрыштай қанар көрсетіп, Қазақстан көк байрағына қанат бітірген спортшыларымызға тек қана алға, - демекпіз.

Ә. БОЛАТХАНҰЛЫ

ЛЫЖНЯ ЗОВЕТ!



12 февраля на стадионе вуза состоялись спортивные соревнования по лыжам «Лыжня-2011» среди преподавателей и студентов вуза.

В соревнованиях приняло участие 70 человек, среди них 50 студентов 8 факультетов университета и 20 человек преподавательского состава. Команды были разделены на мужской и женский состав участников, из них среди преподавателей 2 на 2 человека, среди студентов 3 на 3 человека.

Среди преподавателей 1 место заняли команда машиностроительного факультета, 2 место – факультет энергетики, 3

местом удостоены факультет химических технологий и естествознания.

Среди студентов-юношей победителями эстафеты стали сборная факультета металлургии, машиностроения и транспорта, 2 место – команда факультета химических технологий и естествознания и 3 место парни из факультета журналистики.

Что касается девушек, то здесь же полными победителями стали спортсменки из факультета химических технологий и естествознания, 2 место заняли машиностроительный факультет и 3 место заняли девушки из факультета журналистики.

Среди участников-любителей данного вида спорта также участвовали действующие спортсмены - это Альберт Гумаров (студент факультета энергетики, который недавно приехал с чемпионата мира по биатлону, и занял лидирующее место в десятке сильнейших), Алексей Фадеев (студент химических технологий и естествознания, многократный чемпион по лыжам и зимним многоборьям) и Вадим Котов (студент машиностроительного факультета, чемпион по биатлону сборной Павлодарской области и Республики Казахстан).

Стоит отметить, что соревнования прошли на высшем уровне, финишные и стартовые городки были красочно подготовлены. Трасса была подготовлена как для классических ходов, так и для свободного хода. Судейская бригада была полностью укомплектована во главе с главным судьей Евгением Николаевичем Выдриным.



ТУРНИР ПО ШАХМАТАМ

3 февраля в читальном зале университета прошел 1 блиц турнир по шахматам на Кубок студенчества среди студентов ПГУ им. С.Торайгырова и Инновационного Евразийского университета, приуроченный Азиатским играм в Казахстане. Победу в турнире одержали Данияр Айтышев, второе место Азамат Сергазин, третье место Самир Аубакиров.

Турнир был организован Комитетом по делам молодежи, Альянсом студентов университета совместно с Советом Омбудсменов, при поддержке ДЮОШ № 3.

В участии приняло 30 студентов. В роли главного судьи выступил Шариш Кашкенов (директор ДЮОШ № 3, судья национальной категории по тогыз-кумалак) ему помогли Калия Баженова (методист ДЮОШ № 3) и Серик Актаев (тренер ДЮОШ № 3, мастер спорта международного класса по тогыз-кумалак). Особо стоит отметить студентов Айтым Рамазанова и Самира Аубакирова, которые номинированы за «Приз зрительских симпатий» и «Приз судейских симпатий». А победителям соревнования были вручены дипломы, денежные призы и памятные подарки.

Организаторы турнира планируют проводить такие соревнования ежегодно, дабы популяризовать данный вид спорта.

И. РЫСМАГМБЕТОВА

БІР ТАМШЫ АНА СҮТІ...

Аспан айналып жерге түсіп, жер жұтып жіберердей құмға сіңіре балақтан тартады. Шілденің шегір күн көзінен көлеңке күрке таппасын дегендей, бауырмал бұлттарда бүгін араздасып ашық аспан көгіне бірі де шықпапты. Ұзыннан-ұзақ сары дала. Әрбір жерде қарайған тікенек шөптер мен қаусаған анда-санда қарайып жатқан қарағанның көрі тамыры байқалады. Оның өзі қиылуға шақ тұр. Ақыр заманның тақыр заманы осы дерсің. Мамыражай көк майса мен желкілдек жасыл құрақты көк өзен болсайшы... Дауыл мен ақ жауыны қайда, айқасып әлдеқайдан келетін. Қара жердің бетін басқан сары құмды сығырып тастар тентек желде жоқ. Кенезесі кеуіп, жер тілі тілімделе бастаған. Тамшы түгіл дымқыл ауа көрмеген мынау далада тірі жан шыдауы мүмкін емес.

...Суылдап барып ойпаттау сайға сырғанақ ойнап жүрген сары құмның ана бір ұшынан екі қарайған көрінеді. Екі нүкте. Қозғалады. Сары құмға жабысып қалғаны немесе жылжып келе жатқаны белгісіз. Әйтеуір тіршілік иесі екені анық, қыбырлайды. Міне тәлтіректеген төрт аяқ тіршілік иесі денесін, екі түп тікенек шөптің жанына кеп дүрс еткізді. Біреуді емес, өз-өздерін дүрс-дүрс еткізіп құлатты. Адам деп айтудан аулақ сөйлер едім егерде қасында болсам. Бірі ер, бірі әйел заты. Әйелдің қолында қап түбіне ораған бір бума түйіншегі бар. Үстінде ілген киім орнына әбден іріп, күнге жұқарған, өң-түсі кеткен көйлек еді. Көйлек емес, әбден сүзіліп, жыртығы жарты аспан жұлдыз санына жетерлік жалаңаш етке саңылау қылған тесіктер. Аяғында етік емес, жұқа тақтай ағашты ортасынан бастыра кендір жіппен бірнеше қайтара байлап алыпты. Жіптің байланған жері батып еттен өтіп сүйекке барып тірелген. Қаны таусылып, әлде кеуіп кеткен бе домбыға жара боп қатып қалыпты. Әйел оны сезбейтінде сияқты. Жерден ақырын көтеріліп қолындағы тастамай жүрген ораулы киімнің ішін ақтара бастады. Ораулы киімнің көтеріліп тұрған басын, әлсіз қолымен кейін қайрып еді, ішінен жас сәбидің басы көрінді. Аппақ жүзінен бір ғана тартымды сәуле ойнайды. Кірпігі анда – санда қыбырлап, жиі-жиі кеудемен ауыр тыныс алады. Ана баласын қалың киімнің ішінен оңашалап, қолына алып, бас бармақтай ғана сәбидің қолынан ұзақ-ұзақ сүйе берді. Сүю деген аты болмаса уылжып тұрған қызыл ерін қайдан болсын, кепкен бір түйір ет секілді. Көз алдында жан баласы жантаісілім етуге шақ тұр. Сонда да ана, ажалға арашашы болып әбден суалып, бір күнде талшық тапса бір тамшы сүтке айналатын алтын омырауын уқалап, сәбидің аузына сала берді. Сәби екі көзі шарасынан шығардай үлкейіп, суалған емшекті жанталаса еміп жатыр. Бұл да болса өзінде, сәбиінде алдаусырату. Бірақ жер ананың құдіреті күшті ғой. Бір қолымен баласын омырауына қыса ұстап, екінші қолымен тікенек шөптің тамырын қаза бастады. Ананың әлсіз қолының соңғы екі тырнағы сыдырылып түсті. Шып-шыптап қана екі тамшы қан шықты да топырақпен араласып әпсәтте жоғалып кетті. Құдды бір қансыз адам. Тамырдан бір қолдап ұстап ышқына тартып қалғанда, тамырдың жартысы

қолында жартысы түбінде қалды. Ана шалқалай құлады. Емшектегі нәресте ұзыннан сұлап жатқан еркектің үстіне топ етіп құлап бір жанына етпеттей түсті. Жалма-жан ана төрт аяқтап қайта тұрып, сәбиін көтеріп алды. Құлағын кеудесіне қойып еді әлсіз жүрек соғысы байқалды. Содан кейін барып, ауыр дем алып отыра кетті.

Еркек созылған аяғын бауырына жиып, тәлтіректел орнынан тұрды. Адамзатқа келер жіңішкерте сойдақтап сызған сауатсыз суретшінің қолынан шыққан немесе маскүнемнің мылжалап күйған бір жапырақ мүсәпір мүсіні іспеттес. Бір қабат терісін бетіне жапсыра салған қу сүйек. Үстінде әбүйірін жасырған лыпасы ғана бар. Қос тізенің сүйегі шығып, жұқа тері тесілудің ар жақ бер жағында тұр. Ішіне кірген көзінің қарасы анда-санда бір көрінеді. Оның көзі әйелінің қолындағы балаға қараған сайын кенет қызырып ойнай бастады. Ойпатты құмды далада тіске басар бір нәрсе табылсайшы. Екі күн бұрын әйелінің аяғындағы қырым етікті мыжғылап тіспен ілініп сорып, кеше ғана ақ жем қып жолда тастады. Тулақты көргенде тоқты көргендей қуанатын қалге жетті. Күйеуі көзі жеткен жерге дейін ұзақ-ұзақ қарады. Бірақ не ұшқан құс, жайшылық заманда жолыңды кесіп өтер кесіртке де таппады. Алға жылжу біраз күш-қуатты талап етеді. Өйткені алдында құмдауыт дөңес жатыр. Бұған дәл қазіргі халмен төрт аяқтап емес, алты аяқтаса да шыға алмайтынын іші сезіп тұр. Көз алды тұманданып: өлім елестеді. Қара құздың құлдырауына үлкен бір сұсты күш итеріп бара жатқандай. Еркек орнынан шайқала беріп, өз-өзіне әрең келді. Әйелі жаққа көзі түсіп еді, кенет көз алдына өмірдің оты жарқ етті. Әйелінің өзіне емес, көзі қолындағы жас нәрестеге түсті. Сәби аузында, анасының жер астынан тапқан қазынасы тікенек шөптің жас тамыры. Ана бишара тамырды бір шайнап жұмсартып ап баласының аузына қайта-қайта салады. Сәби азырақ ніл шыққан соң жаны қалмай аш өзекке өмір тілеп әлек.

Күйеуі әйеліне бір қадам жақын келді. Жас сәбиіне тесіле ұзақ қарады. Бір түйір дәм, ауыз толтырып асар жем керек. Аштық ақыл мен ойды қажет етпеді, көз алдында жанын алып қалар жұмсақ ет жас сәбиі болды. Жиырма күн бопты қу теріні кеміріп талшық еткендеріне. Тамақ, тек қана тамақ,- деген суық ой

сумаң еткенде, әйелдің қолындағы баланы жұлып алды. Айуан көзімен әйелін атып өтіп, баласын бүріп ұстап айнала берді. Әйел де, күйеуінің не істейтінін біліп араша түсіп екі қолын сермей берді. Бірақ күйеуі баланы бермеді. Аяғына жабысқан әйеліне қарамастан сәбиді қос қолдай ұстап, томардың түбінде тасқа қарай жүре берді.

Ана... Осыншама азапты өткеріп сәбиінің өмірін аман сақтап келген еді. Жол бойы қаншама аш қасқырдай адамдардан киімге орап жанын қорғап келді. Енді... енді міне шыдамның да шегі, адамның да ақыр заманы жетіпті. Күйеуі жаққа қарап еді, тасаға түсіп көрінбей кетіпті. Ананың көкірегі қарс айрылып қайғы жұтты. Жас жаңбыр боп, жо-жоқ жалындаған от боп жүректі өртеді. Көзден емес, көңілден кеткен қомағай қайғы жұтып жатыр. Ана көкке қарап Алласынан араша күтіп, құдайына құлдық ұрып тіленгеннен басқа амалы қалмады. Өз-өзіне өлім күтіп жоғары қарай бергенде, кенет қарақұс «саңқ» етті. Ана көзі алдынан қарайған бір нәрсенің жақын жерге барып түскенін шала көріп қалды. Буынын буыны, аяғын қолы, қолы аяғын сүйреп, жанағы қараған түбіндегі қарайған зат түскен жерге жеткенше асықты. Баласын ойлағанда өз денесіне өзі зорлық көрсетесүйрелейді. Дәлқазір алдындағы бір түп қараған түбінде қасқыр шықса да қаймыға емес, керісінше қуанады. Міне жетті. Қарағанның тікенек басынан асыра кеп құлады. Сатыр-күтір етті де, қараған түбінен ұша кетті. Қарақұс екен. Үстінен келген дәуден қорқып анадай жерге барып отырды. Қараған түбінде алқымынан төсіне дейін ойып желінген қарақұйрық жатыр. Ананың көзінен тамшы жас шықты. Қарақұйрықтың бір шеті қаусаған қабырғасына қол жүгіртіп жіберіп, қос қолдай қанынан ұрттап-ұрттап жіберді. Шамасы бүгін өлгенге ұқсайды, денесі жып-жылы. Аш өзекті тырнап жатса да, өз-өзін сабырға келтіріп, қарақұйрықтың ішіне қолын тығып, қолқа мен өкпе-бауырын қоса дар айырып суырып алды. Баласы көз алдына келгенде ештеңе ойламай өкпе-бауырдың қанын ағызып кейін қарай жүгірді. Жүгірді дегеннен жығылды дегеніміз дұрыс. Көз алдына ақ періште сәбиінің қан-жоса кейпі, басы жұлынған...аржағын ойлай алмай, тез жетуге тырысып келеді. Күйеуінің ашқарақтана асап жатқан сәбиінің денесі келе берді. Томар

тастың түбіне кеп домалап түсті. Өз көзіне өзі сенбеді. Сары құмда көздері еш қыбырсыз сәбиі жатыр. Оның дәл қарсы алдында қолында ұстаған қара тасы бар күйеуі тұр. Есеңгіреп, батылы бармай енді көзін жұмып бірақ ұрайын деп қос қолдап тасты көтере бергенде, алдына қаны тамшылаған өкпе-бауыр күп беріп құмға құлай кетті. Күйеуінің қолындағы тасы қолдан тайып, отыра кетті де, өкпе-бауырды қасқырша талап жей бастады. Анасы кеп нәрестені қолына алғанда, жүрегінде шығарда шықпас жаны қалыпты. Өмір қылы бір үзіліп, жалғанып үзік-үзік іркіліп соғады. Жұдырығына сығымдай қысқан қарақұйрықтың бүйрегін жұлмалап шайнап сәбидің таңдайына сала бастады.

Ана көз алмай өмір тынысын естігендей болды. Сәбиі мен күйеуінің жүздеріне екі сызық қызыл қан жүгірді. Бұл өмір жалғасы еді. Ана мен сәбидің жүрегі бір егіз екенін есіне түсіргендей, ананың оң жақ омырау шымыр етіп, сәбидің бетіне бір тамшы ана сүті тама берді...Қанға бөккен қасқырдай бауырдың соңғы бір түйірін ауызға нығарлай тығып жатып, ананың омырауынан үзіліп түскен өмір өзегін көзі шалды. Бойы селк етіп, тамағына тас тұрғандай бір ауыр күш еңсесін басып кетті. Осыдан жарты сағат бұрын ана қолындағы ақ періштесін алқымдап асқазанға салмақ болған хайуандық әрекеті, зұлым ойлары көз алдына келе берді. Еркектің бар қайғысы асқазан қамы деген рас-ау. Тәубәсін енді тапқандай: «я, Алла кешір пенденді, я Алла кешір құлыңды...» іштей күбірлеп кетті. Өз қанымды өзім жалап, өз етімді өзім жегенде жер басып қашанғы жүрер едім. Адамдықтан азып кісі жегіш жалмауыздан қай жерім кем болар еді. Иа, ананың аты ана. Сәби періште. Өмір жалғау үшін бала дүниеге келмей ме. Нәресте бізден бөлініп шыққан үміт жібіміз. Өз жанымыздан жан бердік. Біз сен арқылы өмір жалғаймыз. Үнсіздік... Аштыққа араша болған ананың ақ періштеге деген адал жүрегінің жасы, жаратқаннан жұбанашы тапты. Өмір... Өке мен ана қолдарында сәбиі үзілген үміттерін жалғап, сүрі қашқан мейірім, бауырмалдық, қайырымдылық мінездері бойларына орала берді. Аштықтан арылған соң енді өлместей езулеріне өмір нұры ұялай бастады. Бірақ өздерімен бірге өлім қастарында жүргенін білген жоқ. Білмейді де...

Ө. БОЛАТХАНҰЛЫ





Қарлығаш
ХАШЫМҚЫЗЫ

Білім көкжиегіне көтеріліп, болашағына шуақты нұрын төгетін ізденімпаз студенттердің алға қойған мақсаттары мен армандарының тым асқақ екені даусыз. Алайда алдан кес-кесдеп шығатын кедергілер де жоқ емес. Оның бірі білім жолына, бір жола бет бұрған студенттердің ЖОО-ларына түскен кездерінде жасалынған келісім шарттары аяқ асты болып жатқандығы. Мәселен қазақ топтарына түскен студенттерге кей пәндерден дәрістердің орыс тілінде оқылып жүргендері. Бір байқағанымыз соңғы 4 жылдыққа қарағанда орысша оқылатын дәрістердің санының сәлде болса азайғандығы. Алайда ауру қалса да әдеттің қалмай отырғанына бүгін тағыда көзіміз жетті.

Егер студент оқуға келмей, өз кесірінен сабағын үзіп немесе рейтингі мен сессиясын жаба алмай жатса онда кінә өзінен. Ал, ауылдан келген жастардың тілдік қоры орыс тіліне қаншалықты мығым екені ауылда өскен сізбен бізге аян. Себебі ауылдан келген кей жастар қарапайым, күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздерді біледі, ал пәндік сөздерді қала берді терминдерді біліп шыққанша олар оқуды да аяқтап үлгеретіні анық. Қазақ топтарына түскен студент тек қана дәрісті өзінің ана тілінде алуға тиіс. Алайда біз солай міндеттегенмен өзінің білімі орысшамен жетілген оқытушыларда да кінә жоқ шығар сірә. Тек орыс тілді оқытушылар орыс топтарына берсе, бұл іс тіптен құба-құп болар еді. Осы орайда айта кететін бір жайт қазақ топтарындағы студенттер үшін



қазақша басылымдардың саны онсыз да аз. Аз дегеніміз көңілді жұбату, жоқтың қасы. Бұл сәтте «қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғының» күйін көз алдыңа елестетесің. Себебі, шынымен де қазақша шыққан кез – келген пәннің даналары бүгінгіден де көп болғанда бұл олқылықты түбегейлі жояр ма едік? Десе де барға қанағат, жоқты ертеңгі күнге аманат еткеннен басқа амал жоқ. Ал кітапханалардағы орыс тіліндегі кітаптарды басына көмкеріп –ап, қазақшалап отырған студенттерді көргенде өз елінде өгейлік көргендер-ай дейсіз еріксіз. Айтпақшы, орыс тілінде дәрістер оқылады дейміз ғой, осы орайда ауылдық мектептердегі қазақ

мектептерінде де бұл проблема өз түйінін таба алмай жүр. Мәселен ауылдық жерлердегі мектептердің көбіне ағылшын тілі сабағы орыс тілінде қазақ сыныптарына беріледі. Ал, қазіргі «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен елге жол тартқан бітіруші түлектер алған білімдері қай тілде болса сол тілде жас балаларға сабақ беруде. Сонда ағылшын тілін енді үйренсем деп талпыныс жасап жүрген кішкентай мек-

теп оқушылары орыс тілінде берілетін сабақты миына қалай қондырмақ. Бұған тек ізденуші студенттер мен оқушылардың ғана емес, бүкіл ұлттың санасын улау деп қарағанда жөн болар.

Сөз басындағы кітап жоқ деп сөз тарқатуымыз бұл қазіргі күнгі айтылып жүрген сылтаулардың еңбір оңай жолы екенін көрсету болатын. Себебі алысқа бармай-ақ өз қара шаңырағымызды алып қаралық. Мұнда соңғы уақыттарда кітапхана қоры электрондық оқулықтармен толықтырылып отыр. Тағы бір дәлел тек 2006-2008 жылдар аралығында 5,5 млн. теңгеге 845 түрлі әртүрлі басылымдардың 5621 данасы алынған. Бұлардың ішінде қазақ тіліндегі ғылыми басылымдар ең үлкен үлесін құрайды (2619 дана). Олар әртүрлі энциклопедиялар, сөздіктер,

анықтамалар, өнер жайлы фотосуреттер, Қазақстанның тарихына басылымдар. Ғылыми әдебиеттен басқа кітапхана 1808 дана қазақстандық классиктері мен авторларының қазіргі әдеби шығармалар, қазақ тіліне аударған шетел классикалық әдебиет басылымдарын құрайды. Бұл осыдан үш жыл бұрынғы көрсеткіш. Ал қазіргі көрсеткіштің саны оданда жоғары екені сөзсіз. Бұған қарап шығаратын қортынды ізденістің жоқтығы.

Себебі дәріс тақырыбын қай пән бойынша іздесеңіз оны табу оңай. Техникасы дамыған ХХІ ғасырда өмір сүреміз. Интернетке қараңыз, толып жатқан нұсқалар мен дәрістер, кітапханаларға барыңыз іздеген кітаптарыңыздың тым құрығанда бірнеше данасын табасыз. Тек бұл жердегі жалғыз – ақ кері тартып тұрған енжарлық жалқаулық пен өз ісіне бей – жай, салғырт қараушылық.

Жылына сан мыңдап шығып жатқан сансыз қазақша кітаптардың сапалы білім беруде құны жоқ па? Әлде оның орысша білімді ауыздықтауға дәрмені жетпей ме? Жоқ біздің қазақ ғалымдарының білімі орыс ғалымдарының немесе орыс тілді ғалымдардың білімінен кем бе? Иә болмаса оқитын дәрісін қазақша жинай алмайтын оқытушы кінәлі ме? Өзі қазақ, көз алдындағы студенттері қазақ, ал сол студенттердің алсам деп отырған білімі қазақ тілінде болуы шарт, негізі заң бойынша бірақ аудиторияға кірісімен орысшаның орманынан білім орамыз.

Кім-кімнің денамысы, ұлтына, ана тіліне деген сүйіспеншілігі болса бүгінде бұл кемшілік түбімен жоқ болар еді.

P.S. Еліміздің елдігін, ұлтымыздың ұлықтығын, халқымыздың құндылығын танытатын бүгінгі болашақтың жарқын иелері жастар. Алайда оларға зор сенім арта отырып, өмірлеріне жетерлік азық бере алмасақ онда артқан сенімге секем мен сызаттың түсері көміл. Ендеше жастар көңілің қалмас үшін әуелі тіліңді, онан кейін қазақ жастарына берер біліміңді, білімнің қайнар көзі кітабыңды қазақшала!

ТЕЛЕАРНАЛАР КІМНІҢ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ?

Бір кинорежиссер «Тарихта не жазылса да, кім жазса да маңызды емес. Өйткені, халық санасында тарихты қалай көрсету біздің қолымызда», – деген екен.

Қуатты психологиялық-идеологиялық қаруға кино индустриясы балануда. Оның себебі де жоқ емес. Өйткені, тұтас ұлтты тәрбиелейтін күш көгілдір экранда. Ал осы кеңістіктегі біздегі телеарналар кімнің мүддесіне қызмет етіп жүр? Әрине өзгенің...

Неге олай десеңіздер?.. Уәжіміз сол отандық БАҚ кәріс, орыс, америкалық, латын америкалық, еуропалық телевидениялық өнімдерден көз ашпай қалдық. Сөзімізді кез-келген еліміздің азаматтары қуаттары сөзсіз.

Бұл тығырықтан шығатын жолды әркім әртүрлі іздеуде. Себебі, Кеңес Одағы сынды тұла бойы қаруға толы империяның өзі бір оқ шығармай-ақ идеологиялық майданда жеңілгенді бізді ойландыру керек. 80 жылдардың аяғында Кеңес империясы халқының өз миына иелік ете

алмай қалды. Яғни, теледидарда, кинотеатрларда жаппай шетелдік кинолар көрсетіле бастады. Сол кездегі буын шетелдің кино өнімдерін ғана көретін жағдайға жетті. Міне, осылай жарты жаңанды билеген Кеңестер елі идеологиялық соғыста жеңіліс тапты. Оған тарих куә...

Енді бүгінгі зиялылар, кино саласының мамандары түрлі пікірлерде. Бірі қазақ киносына өзгерістер әкелу үшін «Қытай қазақтары түсірілген киноларының Қазақстандағы күндерін» өткізу керек десе, енді бірі біздің елде қазақ кинолары аз түсіріліп жатқан жоқ, тек ғана қазақстандық телеарналар көрсетуге құлықсыз деуде. Ал, телеарналар қазақ тілінде түсірілген кинолар телевиденияда көрсетуге жарамайды дейді. Осындай қарама-қайшылықтарда ұлттық мүддеден гөрі жеке мүдде, жеке көзқарастар басым болуда.


Не десе де қазақ қоғамы қазақы рухани кино өнімдеріне шөлдеп отыр. Әсіресе жастар ұлттық болмысты, ұлттық

менді танымай өзгенің батырын үлгі тұтып жүр. Бұл мәселе зиялылардың, қарапайым қарашаның толғандырар негізгі мәселесіне айналды.

Осы мезетте қаншама қазақ киноларын (соңғы жылдары шыққан) қара шаңырағымызда көрерменге көрсету үшін «Қазақ киносын қолдау күнін» ұйымдастыруды Баспасөз орталығы өз қолына алды.

Қазақ киносын сөзсіз түрде кеңестік және тәуелсіздік кезеңіндегі деп екіге жіктеуге болады. Өкініштісі, қазақ киносы екі кезеңде де қазақ ұлтының мүддесіне жұмыс істеген жоқ. Алғашқысы коммунизмді дәріптесе, қазіргісі жәйттердің халықты азғындытып жою (А. Даллестің) саясатын насихаттауда. Дегенмен екі кезеңді салыстырып қарар болсақ, кеңестік кезеңдегі қазақ киносы астарлап болса да, қазақтың ұлт болып сақталуына әлдеқайда көп үлес қосты. Қазіргі заман илеуінің өлшеміне салсақ, ерлік деп бағалар едім. Сол кездегі қай киносын алып қарасақ та, мүмкіндігінше қазақ

ұлтының жыртқанын жыртып қайтқанын байқаймыз. Бір мысалмен айтар болсам, «Жаушы» киносында қазақ қызының ары мен намысын шебер қорғатып, «біріксек жер қайысқан қол екенбіз ғой» деп қазақтың басын біріктіреді. Тұнып тұрған неткен ұлттық рух! Көш бастар деп үкілеген «Көшпенділер» киносы мұның жанында далада шаң қауып қалады. Тылсым табиғаттың заңдылығы бойынша, қандай да бір туынды, еңбек болсын ұлттық тамырмен астасып жатуы тиіс. Тамыры жоқ туындының ғұмыры жылт еткен жылтырақпен тең. Бодандық тұстың өзінде түсірілген «Қыз Жібек», «Шаңырақ», «Көксерек», «Менің атым Қожа» сияқты кинолар деңгейіне жететін әрі ұлттық құндылықтарды насихаттайтын туындыларды тәуелсіз ел болдық дегеннің өзінде әлі түсіре алмай келе жатқанымыз әлсіздік. Жоғарыда аталған кинотуындылар ұлт тамырымен астасып жатқаны үшін де ғұмыры ұзақ болды. Баса айту керек ол кезеңде қазақ ұлтының рухын



өлтірмей күрескен зиялы қауым болды. Біз біле бермейтін қаншасы ішқұса болып ұлты үшін күресті. Ал қазіргі кезеңде зиялы қауымның бар екеніне халықта күдік пайда болғаны жасырын емес. Қазіргі уақытта қарашаңырағымыздың «Баспасөз» орталығының ұйымдастыруымен «Қазақ киносын қолдау күндері» жүзеге асырылуда. Игі бастама бұдан әрі де өз жалғасын таба бермек.

А. АНАРБЕКОВА



АҚПАРАТ БЕЛЕСІНДЕГІ 10 - ЖЫЛ

Б - ілімсіз болмайды мамандық,
І - ндеті заманның надандық.
Л - айықпыз бастауға көш басын,
І - згілік бойда бар адамдық,
К - өрсетер биікте қадам нық!!!

Төрт таған сауал:

- 1) «Білік» газетінің жалпы мазмұнына оқырман ретінде ойыңыз?
- 2) «Білік» газетіндегі қандай айдарлар тақырыбы көңіліңізден шығады және қандай кемшіліктер бар?
- 3) Мен «Білік» газеті бетінен нені көргім, білім келеді?
- 4) «Білік» газетіне тілегіңіз?



Шайхислам Тәкібайұлы. СҚФ. Құрылысы және кәсіби оқыту кафедрасының аға оқытушысы.

- «Білік» газетінің жалпы мазмұны университеттің тыныс тіршілігін жан-жақты көрсетіп келеді. Мен өзім тұрақты оқырман ретінде айтарым, әсіресе мемлекеттік тілде көбірек тартымды жаңалықтар, құнды материалдар беретін басылым екендігін айтар едім.

- «Білік» газетінің университет ректорымен сұхбат айдары, құндылық айдары, ұстаздар мен студенттердің білім жүйесіндегі проблемалар өзекті айдары т.б. тақырыптар көңілден шығады. Ұлттық тәрбие, ұстаздардың газет бетіндегі

ашық пікірлері көңіл қуантады. Университет ғалымдарының жұмыстары, өмірлік бағыты және әдеби шығармашылық айдарлар қосымша болса тіптен мазмұнды болар еді. Өкінішке орай осындай университет айнасына айналған газетіміз университет ішінен басқа жерде насихатталмайды...

- Мемлекет тілін дамыту, жүйелі қолдану жөніндегі ақпараттар мен іс-шаралар, ұлттық рух және тәрбие жөніндегі мақалаларды көбірек көргім келеді.

- «Білік» газеті 10 жылда білім ордасының кеңесші ақпараттық жария ретінде биіктен көрінді. Сондықтан «Білік» газетінің ұжымына, рухани биіктік, шығармашылық табыс тілей отыра қаламдарының қарымы талмасын деймін!!!



Алтынбек Мұқышев. Журналистика кафедрасының 4-курс студенті.

- «Білік» - бүгінгі таңда қара шаңырағымыздағы жаңалықтармен хабардар ететін беделді басылым. Оқырман қауымының ойын ортасынан басып, көңіліндегі мәселелерді қаузытын құрал ретінде де құнды. Жалпы, мазмұнына тоқтала кетер болсақ, университетте өткен іс - шараларды қалың жамағатқа аманат етіп қалам сілтеп жатқан басылымның мазмұны

мағыналы.

- Басылым әр бағытқа икемделіп келетіні сөзсіз қуантады. «Жаңалықтар желісінен» басталатын «Біліктің» айтулы айдарлары күннен-күнге кеңейіп келетіні шын. Өз басым осы редакцияда қызмет атқарғаным да бар. Ұстаздар мен студенттер қауымының арасында дәнекер болып отырған басылым, ұлттық таным - тәрбие, қазақы құндылықтардан да ада емес. Жастар буынын патриоттық негізде тәрбиелеуде де «Біліктің» үлесі сүбелі. «Өнер өңірі» айдарында қалың оқырман қауым еліміздің жарқын жұлдыздарына бір табан жақындай түссе, «Маңызды» айдарымен көкейкесті мәселелердің түп төркініне барысады. «Қызықты бет» те төрткүл дүниенің төрт бұрышындағы таңғажайып жаңалықтарды жариялап, оқырмандарды қызықтыра түсері даусыз.

- Қазіргі қазақ жастарының шығармалары өз шыңына шырқап үлгергені шындық. Сол себепті, «Білік» болашақта өнер айдынында жүрген шығармашыл жастардың сиясы кеппеген тырнақ алды туындыларын жарыққа шығарса нұр үстіне нұр. Сондай - ақ, университетпен ғана шектеліп қалмай, таралымын көбейтін қаламызға шықса деген игі ниетіміз бар.

- Әрқашан тұшымды нәм тұжырымды ойы бар редакция алқасына шалқар шабыт пен жасын - жігер тілеймін. Көпшілікке тартар тағылымдарың таусылмасын!

Пікірлерді жинаған: Ә. БОЛАТХАНҰЛЫ

ПРИВИВКА ПРЕ-ДОТВРАТИТ ВИРУС

Гепатит - это воспалительное заболевание печени. Чаще всего гепатит вызывается вирусом. У этой инфекции множество «имен»: желтуха, болезнь Боткина,



вирусный гепатит, также называют ласковым убийцей, за то, что после заражения он может надолго затаиться в организме и никак не заявлять о себе. Нередко гепатит выявляется случайно, при обследовании по поводу других заболеваний. Заражение вирусным гепатитом может произойти при переливании донорской крови, лечении зубов, оперативных вмешательствах и использовании плохо стерилизованных инструментов, половым путем, а также, возможно заражение ребенка от больной матери во время беременности и в родах. Не исключен и контактный путь заражения, так как вирус может выделяться с мочой, слюной, половыми секретами и проникнуть к здоровому человеку через поврежденную кожу и слизистые оболочки. Но больше всех рискуют наркоманы и люди, ведущие беспорядочные половые отношения.

Существуют различные формы вирусного гепатита. Гепатит А - Как правило, заражение этой формой происходит через немытые продукты. Это могут быть как плохо обработанные овощи, так и недоваренные морепродукты. Важно, что вирус обладает отличной устойчивостью к воздействию кислот и воды. Это значит, что от него не спасут защитные кислотные механизмы желудка, а водоемы могут стать путем его распространения. Вирусный гепатит В передается человеку вместе с кровью или любой другой жидкостью носителя инфекции. Случайное заражение исключено. Как правило, заболевание передается при сексуальном контакте или переливании крови, часто вирус переходит в тело человека по причине нестерильной инъекции. Во время родов гепатит В передается от матери ребенку, возможно инфицирование в детстве. Примерно четверть всех пациентов, которые получили вирус гепатита В в раннем детстве, в дальнейшем умирают от цирроза или рака печени в продуктивном возрасте. Гепатит С протекает без симптомов. Вирус быстро клонирует сам себя, при этом в нескольких модификациях, что создает сложности для борьбы с ним и создания необходимой вакцины.

Первыми признаками заболевания могут быть слабость, утомляемость, потеря аппетита, боли в суставах, дискомфорт в животе, крапивница, также, может изменяться цвет кала (становится светлым), темнеет моча. Желтуха появляется последней (важно отметить, что иногда желтуха не проявляется вообще, и человек даже не предполагает что у него вирусный гепатит).

Заражение можно предотвратить, в том числе путем вакцинации. Сегодня существуют вакцины, дающие надежную защиту от гепатитов А и В. Гепатит считается неизлечимым заболеванием, но медицина не устает работать в этом направлении, и сегодня прививка способна предотвратить гепатит В, а гепатит С в большинстве случаев возможно вылечить.

Врач-терапевт ОКБ им. Г. Султанова Ш. КОЖАНОВА

Стефан Миллар:

«ПРИЯТНО ПОРАЖЕН УВИДЕННЫМ...»

В наш университет с ознакомительным визитом прибыл посол Канады



господин Стефан Миллар. После ознакомительной экскурсии С.Миллар прочитал лекцию «Мультикультуризм в Канаде». В современной Европе, как отметил наш гость, мультикультурализм предполагает, прежде всего, включение в её культурное поле элементов культуры иммигрантов из «стран третьего мира (в том числе из бывших колоний европейских стран)». «Я приятно поражен увиденным в вашем университете. Какие уникальные экспонаты в музейном комплексе вуза! - поделился впечатлениями с нами Стефан Миллар - И ваши студенты замечательные - имеют хорошую языковую подготовку и могут продолжить образование в зарубежных вузах. Сейчас ведь для них открыты все границы».

И.РЫСМАГАМБЕТОВА

Ұлтжанды мектеп басшыларына алғыс сөз

Қаламыздағы тұңғыш қазақ тілді жастар «SMS+» газеті биылғы жылдың басында пошталық индекске ие болып, жазылу науқанына мүмкіндік пайда болды.

Облыс орталығының бірқатар қазақ мектептері бірден игі бастама көтеріп, жастар газетіне жазылу науқанын бастап кетті. Атап айтсақ, Абай атындағы № 10 қазақ мектеп-лицейі, Қалижан Бекхожин атындағы № 12 қазақ мектебі және № 25 мектеп оқушылары мен ұстаздары «SMS+» жастар газетіне жазылуға ниет білдірді. Осы орайда жастар басылымына қолдау көрсетіп, ұстаздық ілтипат танытқан аталмыш оқу ордаларының басшылары Х.Жәкенқызына, Б.Жалмағамбетова мен М.Қалымқызына С.Торайғыров атындағы ПМУ ұжымы алғыс білдіре отыра көктемнің шуақты мерекесі 8-наурыз, Халықаралық әйелдер күнімен құттықтайды. Өздеріңіздей ұлтжанды, қайсар әрі жігерлі жандар көп болғай!



Құрылтайшы - С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор

Қ. Хашымқызы
Тілшілер
С. Нысанбекова
А. Анарбекова
Ә. Болатхан
И. Рысмагамбетова
Көркемдеуші-беттеуші
Н. Яницкая

Ақылдастар алқасы:

Е.М. Арын
М.Х. Рақымжанова
Р.М. Таштемханова
Н.А. Байгенже

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1858-Г куәлігі берілген (02.04.2001) Газет С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің "Білік" газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Таралымы 1500 дана.

Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй тел.: 32-41-77

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64, 427А - кабинет.

Байланыс тел/факс: 67-36-48

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Тапсырыс № 371